

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 желтоқсанда республикада 11 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) өз қызметін жүзеге асырды. Қараша айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметке лицензия берілген жоқ.

14 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиясы бар, оның ішінде 12 қор зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк Центр Кредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Еуразиялық Банк» АҚ, «АТФ Банк» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 2 601,1 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 191 541 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қараша айында 22 299 (0,3%) ұлғайды, жинақталған зейнетақы қаражаты да 24,3 млрд. теңгеге (0,9%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 желтоқсан айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 27,6%, «ГНПФ» – 22,8% және «Ұлар Үміт» – 19,6%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 желтоқсан айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 265 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны қараша айында 59 бірлікке (0,15%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 113,0 млн. теңгемен 4 085 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2011 жылғы қараша айында 24,3 млрд. теңгеге (2,4%) ұлғайып, 2011 жылғы 1 желтоқсан айында 2 606,8 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі ағымдағы жылдың қараша айында 40,7 млрд. теңгеге (2,1%) өсіп, 2011 жылғы 1 желтоқсан айында 1 955,9 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы


(комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 555,9 млрд. теңге болды. Қараша айында «таза» инвестициялық кіріс 7,7 млрд. теңгеге (1,4%) артты.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	млрд. теңге				
	1.01.10	1.01.11	1.12.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 860,5	2 258,2	2 606,8	348,6	15,4
Зейнетақы жарналары	1 488,8	1 821,7	1 955,9	134,2	7,4
«Таза» инвестициялық кіріс	481,7	571,4	555,9	-15,5	-2,7
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі	25,9	25,3	21,3	-	-4% - дық тармақ

2011 жылғы 1 желтоқсан айына ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 4 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 865,9 млрд. теңге (33,2%), «ГНПФ» – 471,3 млрд. теңге (18,1%), «ҰларҮміт» – 409,6 млрд. теңге (15,7%) және «Грантум» - 235,1 (9,0%) жиынтығында осы 4 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 76,0%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы қараша айында 0,1 млрд. теңгеге (1,0%) артып, 2011 жылғы 1 желтоқсан айында 12,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 226,2 млрд. теңге болды немесе қараша айында 6,4 млрд. теңгеге (2,9%) төмендеген.

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес

сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 15,5 млрд. теңгеге 9 670 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шарттарына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 желтоқсан айында 30,1 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару, 1 353,7 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы қараша айында 25,4 млрд. теңгеге немесе 1,0%-ға өсіп, 2 611,2 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 желтоқсаннан бастап 2011 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 33,6 млрд. теңге болды

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ ЕҰ, "Қазақстан Халық Банкі ЖЗҚ" АҚ	866 879	33,20
"ГНПФ" ЖЗҚ" АҚ	471 881	18,07
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ АҚ	411 730	15,77
"ҰларҮміт" ЖЗҚ" АҚ	411 730	15,77
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	235 250	9,01
"ГРАНТУМ ЖЗҚ" АҚ ("Казкоммерцбанк" АҚ ЕҰ)	235 250	9,01

"Капитал" ЖЗҚ" АҚ - "Банк ЦентрКредит" АҚ еншілес ұйымы	142 497	5,46
"Астана" ЖЗҚ" АҚ	129 613	4,96
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	101 117	3,87
"Нұрбанк" АҚ ЕҰ "Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	82 710	3,17
"Отан" ОЖЗҚ" АҚ	76 146	2,91
"РЕСПУБЛИКА ЖЗҚ" АҚ	69 948	2,68
"Қазақмыс ЖЗҚ" АҚ	23 409	0,90
Бүкіл ЖЗҚ бойынша барлығы	2 611 180	100

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бір ай ішінде 17,5 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға артып, 2011 жылғы 1 желтоқсан айында 2 518,3 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 1 желтоқсанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 43,4%-ын құрады, ол 1 092,5 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің қараша айында ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 30,8 млрд. теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 1 желтоқсанда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 28,7%-ын құрады, ол 722,5 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің қазан айында азаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 3,5 млрд. теңгені құрайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.11.2011ж.		1.12.2011ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 061 719	42,46	1 092 520	43,38
ҚР еурооблигациялары	0	0		0,00
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	988 485	39,53	1 015 533	40,33
Ұлттық Банктің ноттары	67 667	2,71	71 396	2,83
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5 567	0,22	5 591	0,22
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	165 312	6,61	151 774	6,02
акциялар	27 887	1,11	16 422	0,65
облигациялар	137 425	5,50	135 352	5,37
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	100 769	4,03	95 398	3,79
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	127 509	5,10	126 479	5,02
Тазартылған алтын	124 272	4,97	132 118	5,25
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	725 972	29,03	722 480	28,69
акциялар	152 220	6,09	147 399	5,85
облигациялар, оның ішінде:	573 752	22,94	575 081	22,84
шетел валютасында номинирленген	21 746	0,87	23 384	0,93
теңгеге номинирленген	552 006	22,07	551 697	21,91
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	196 111	7,84	198 343	7,88
Туынды бағалы қағаздар	-902	-0,04	-855	-0,03
Жиынтығы	2 500 762	100	2 518 257	100

Эмитенттер бағалы қағаздар шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген бағалы қағаздардың үлесі 2011 жылғы 1 желтоқсанда зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,7%-ын құрады, бұл абсолютті мән бойынша 17,4 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті:

- 5 жылдық кезең ішінде (2006 жылғы қараша – 2011 жылғы қараша) – 32,80% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 60,64%).
Номиналды кірістің орташа алынған түзетілген коэффициенті – 32,58%;

- 3 жылдық кезең ішінде (2008 жылғы қараша – 2011 жылғы қараша) – 24,37% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 22,83%);

- 12 айда ішінде (2010 жылғы қараша – 2011 жылғы қараша) – 3,36% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 7,8%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 желтоқсанда 2011 жылғы 1 қараша айындағы көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:


- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,54 пайыздық тармаққа азайды өсті;

- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 2,45 пайыздық тармаққа өсті;

- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,14 пайыздық тармаққа азайды.

2010 жылғы қаңтардан 2011 жылғы маусымға дейінгі кезеңде 60 айдағы номиналды кіріс коэффициентінің 47,52 мәнінен 32,80 мәніне дейін төмендеу үрдісі байқалады.

Қорлардың жинақталған зейнетақы активтері мен номинальді кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 84,0 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 47,8 млрд.

теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 56,8%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 92,3 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар-қазан айларында 2 қор («Республика» және «Отан») жалпы сомасы 0,9 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қор жалпы сомасы 7,8 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 желтоқсанда 6,9 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша 75,5 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 81,7% болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 50,5%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 18,9%, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 25,3%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 1,0%-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.12.11
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 815,5	26 310,2*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,4	9,9
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,4	7,4
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,6	2,1
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,3

* - ҚР Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері